

«8D10111-Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Рыскелдиева Кенжегул Жанысбаевнаның «Экологиясы қолайсыз аймақта тұратын жасөспірім қыздардың репродуктивтік денсаулығын жақсартудың әлеуметтік-медициналық қырлары (Түркістан облысы мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТИҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сзызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негізде (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атаяу мен номірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атаянын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың кіріспесінде докторант жасөспірім қыздардың денсаулығына көткесті Қазақстан Республикасының бағдарламалық құжаттарына Нормативтік сілтемелер келтіреді: ҚР ДСМ 15.12.2020ж №264 бұйрығы «Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жогары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді жүргізу тәртібі»; Қазақстан Республикасында балалар мен жасөспірімдер гинекологиясының қызметін жетілдіру жөніндегі 2022 - 2026 жылдарға арналған жол картасы.</p> <p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының 2026 жылға дейінгі «Денсаулық сактау жүйесін дамыту тұжырымдамасын іске асыру» аясында орындалған және ана мен баланың денсаулығын қорғау мәселесін қамтитын басым бағытқа арналған.</p>

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/коспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаган.</p>	<p>Осы жұмыстың ғылымға қосқан үлесінің маңыздылығы қазіргі заманғы медицинаның талданатын проблемасының өзектілігі дәрежесімен және ұсынылған инновациялардың практикалық маңыздылығымен анықталады.</p> <p>Жасөспірім қыздардың репродуктивті денсаулығын сақтау мәселесі мемлекет пен денсаулық сақтау саласы, сонымен қатар барлық қоғам үшін ең басты бағыттар қатарына жатады. Экологиясы қолайсыз аймақта тұратын жасөспірім қыздардың репродуктивтік денсаулығын бақылау және бұзылыстардың профилактикасын ұйымдастыру жүйесі – емдеу-профилактикалық ұйымдағы акушерлік-гинекологиялық аймақтардың жұмысын ұйымдастыруда колдану, жасөспірім қыздардың репродуктивтік бұзылыстарын ерте анықтау және олардың асқынуларға алып келуін тоқтатуға көмектесті.</p> <p>Ғылыми ізденуші зерттеу жұмысының мақсаттары мен міндеттерін орындауда ретроспективті және бір сәтті көлдененді зерттеу дизайнын колдану арқылы зерттеу жұмысының маңыздылығын ашқан.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) тәмен;</p> <p>4) өзі жазбаган.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері материал жинақтау, оларды өндөу, зерттеу материалдарын сараптау, зерттеу нәтижелерін интерпретациялау, статистикалық талдау және жасөспірім қыздарға әлеуметтік сауалнама жүргізу және өмір сапасын анықтау, қоршаган органың</p>

			жагдайын бақылау, алынған мәліметтерге аналитикалық талдау жасау докторанттың жеке өзімен жүзеге асырылған. Диссертациялық жұмыстың құрылымы логикалық байланыс тапқан, жүйелі жазылған.
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген;</p> <p>2) ішінара негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	<p>Түркістан облысы бойынша экологиялық жағынан ең қолайсыз аудан – Мактаарал ауданы болып табылады. Бұл ауданда пестицидтердің кеңінен қолдану арқылы мақта шаруашылығын дамыту іске асуга. Пестицидтер әсер ететін аймақ түрғындары болып табылатын жасөспірім қыздардың перифериялық қанында хлорорганикалық пестицидтер мөлшерінің жоғары болуы жасөспірім қыздардың репродуктивті жүйе бұзылысының дамуына тікелей әсер етеді. Бұл аймақта тұратын жасөспірім қыздар репродуктивті жүйе бұзылысы бойынша қауіп тобына кіреді, себебі жасөспірім қыздарда кездесетін соматикалық және гинекологиялық аурулардың кездесу жиілігі өте жоғары.</p> <p>Қазіргі уақытта жасөспірім қыздардың репродуктивті жүйесінің қызметтік бұзылысы мәселелерін шешудің медициналық-әлеуметтік және экологиялық сипаттағы өзара байланысты және өзара толықтырылатын шаралар жүйесінің үйымдастырушылық аспектілері сияқты негізгі ережелер кешенін әзірлеу және іске асну мәселелері толық көлемде қарастырылмаған. Сондықтан докторанттың</p>

		<p>диссертациялық жұмысы зерттеу тақырыбындағы репродуктивті денсаулыққа қатысты күрделі де көпденгейлі жоспарлы мәселелерді жасөспірім қыздардың өмір сүру ортасымен байланысты физикалық-соматикалық, әлеуметтік жағдайын ескере отырып, олардың репродуктивті денсаулығының қалыптасуын бағалау және болжаудың өзекті екенін нұсқайды.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <p>1) айқындайды;</p> <p>2) ішінара айқындайды;</p> <p>3) айқындаамайды.</p>	<p>Жұмыста диссертацияның барлық бөлімдерінің ішкі бірлік қағидаты сақталды, ол тақырыптың өзектілігінен бастап, барлық тараулардың бөлімдерінде жеткілікті түрде егжей-тегжейлі берілген. Автор диссертацияның тақырыбын жасөспірім қыздардың өмір салтының негізгі ерекшеліктерінен бастап, денсаулық пен әлауқаттың келесі маңызды медициналық емес детерминанттарына, соның ішінде қоршаған ортаның ластануына дейін дәйекті түрде ашады.</p> <p>Осылайша, диссертацияның тақырыбы оның мазмұнында дәйекті түрде көрінеді.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттелетін мәселе бойынша жүргізілген әдеби талдау мен жинақталған деректер негізінде анықталған. Зерттеу міндеттері нақты тұжырымдалып, жұмыстың негізгі мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған. Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері оның жарияланған тақырыбына толық сәйкес келеді.</p>

	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ul style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ. 	<p>Диссертацияда мақсатқа жету үшін жұмыста бірнеше міндет қойылды: Түркістан облысының экологиясы қолайсыз аймақтарының экологиялық-медициналық сипаттамасы; Түркістан облысының экологиялық қолайсыз аймақтарында тұратын жасөспірім қыздардың репродуктивтік денсаулығындағы бұзылыстарын динамикалық бағалау; Жасөспірім қыздардың репродуктивтік денсаулығына зиянды әсер ететін негізгі экологиялық, әлеуметтік себептерден туындастын аурушаңдық көрсеткіштері негізінде олардың қатерлілік үлесін бағалау; Экологиясы қолайсыз аймақта тұратын жасөспірім қыздардың репродуктивтік денсаулығын жақсартуға бағытталған ішшаралар кешенін ұсыну. Барлық бөлімдер бір бірмен ішкі үйлесімділікті сактай отырып байланысқан.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жана шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ul style="list-style-type: none"> 1) сынни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ. 	<p>Жалпы, докторант өз мақсатына жету үшін алға қойған міндеттерінде - жасөспірім қыздардың репродуктивті денсаулығын нығайтудың проблемалары мен ұсынылған әдісінің артықшылықтарын көрсету, сондай-ақ осы міндеттерді кезең-кезеңімен шешу әдістерінде логика мен өзара байланыс бар.</p> <p>Жалпы өз жұмысына сынни талдау жасалды, автор ұсынған әдіс салыстырмалы түрде дәлелденген және бағаланған, бұл қазіргі зерттеушілердің осы мәселе бойынша маңызды жұмыстарына сілтемелермен расталған. Диссертациялық материалдың</p>

			мазмұны, оның ішінде мақсат пен міндеттердің тұжырымдамасы таңдалған нәрсеңі көрсетеді деп қорытынды жасауға болады.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Ұсынылған ғылыми жұмыстың нәтижелері мен қагидаттары жаңа болып табылады. Диссертация материалдарынан көрініп тұргандай, Мактаарал ауданында іздеу тереңдігі 5 жыл көлемінде жасоспірім қыздардың аурушаңдық көрсеткіштерін кешенді ғылыми талдау Түркістан облысы өңірінде алғаш рет орындалды. Сонымен катар, республиканың қоғамдық денсаулық сақтау практикасында алғаш рет жасоспірім қыздардың денсаулығын нығайтуға ықпал ететін шаралар жүйесін құрып және оның денсаулықта тиімділігін бағалай отырып, репродуктивті денсаулықты жақсартуга бағытталған алгоритм әзірленді, нәтижесі онтайлы болды.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың белгілі бір міндеттері бойынша ғылыми жұмыста жасалған қорытындылар және оларға негізделген ұсыныстар бүрін қазақстандық ғылыми әдебиет сегментінде жарияланбаган жаңа тұжырымдар болып табылады..</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Автордың зерттеу жұмысында алынған нәтижелеріне сүйеніп жасалған қорытындылары жеткілікті дәрежеде жаңа екенін көрсетеді.</p>

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыстагы автордың басқару шешімдерін қолдануы жаңа және негізделген болып табылады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Диссертацияда зерттелетін мәселелерді талдау негізінде алынған негізгі тұжырымдар дәлелді медицинаның постулаттарына және статистикалық өңдеудің дәлелді нәтижелеріне негізделген, болжам элементтерін қамтымайды.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелдеңгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Докторант диссертациялық жұмысында негізгі қағидаттарды берген: Түркістан облысында тұратын жасөспірім қыздарда туындастырылған репродуктивті денсаулықтағы ауытқуларына тұргын аймактағы экологиялық қолайсыздықтар мен зиянды әлеуметтік-гигиеналық себептердің қатерлі әсері айқын; Жасөспірім қыздардың соматикалық және репродуктивтік денсаулығының аурушаңдық деңгейі зиянды әсерін тигізетін негізгі экологиялық, әлеуметтік-гигиеналық себептердің қатерлілік қуатына тәуелді; Жасөспірім қыздардың репродуктивтік денсаулығына мониторинг жасау репродуктивтік денсаулық бұзылыстарының алдын алудың әлеуметтік-медициналық жақсарту шараларының тиімділігін анықтайды.</p> <p>Жалпы, қорғауга шығарылатын ережелер кестелік және графикалық</p>

		<p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладагы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>формаларда ұсынылған көптеген талданған ғылыми материалдармен қамтамасыз етілген.</p> <p>Қорғауга шығарылатын барлық ережелердің дәлелі жарияланған 8 ғылыми жариялымдар: шетелдік және отандық ғылыми журналдарда мақалалар, ғылыми конференциялар жинағында шығарылған мақалалармен және бірнеше авторлық күәліктермен расталады.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста зерттеу әдістемесін таңдау, қойылған мактап пен міндеттерге қатысты негізделген және барлық зерттеу әдістері түсінікті дәрежеде кесте, суретпен ұсынылған. Зерттеу дизайны дұрыс таңдалған. Нәтижелерді статистикалық талдау нақты формулалармен көрсетіліп, әдебиеттерге сілтеме жасалған.</p> <p>Диссертациялық зерттеу жұмысы бойынша жинақталған материалдарға докторант статистикалық база жасақтаған. Статистикалық талдаудың бірінші кезеңінде жинақталған материалдарға ақпараттық - аналитикалық саралтама жасалған, екінші кезеңінде жасақталған статистикалық базаға Statistica 10 (StatSoft Inc., АҚШ) бағдарламаларының көмегімен статистикалық талдау жасалып, интерпретациясы ұсынылған.</p>

	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Ғылыми жұмыстың теориялық маңыздылығы жұмыстың зерттеу бөліміндегі нәтижелерін облыстағы жасөспірім қыздардың соматикалық және репродуктивті денсаулығын нығайтудың ғылыми негіздерін одан әрі зерттеуде пайдалануға болатында; Түркістан облысының экологиялық тұрғыда қолайлы және қолайсыз аймақтарында тұратын жасөспірім қыздардың репродуктивтік қызметінің қалыптасу зандылықтары салыстырмалы түрде бағаланды; Репродуктивтік жүйенің бұзылыстарының дамуына алып келетін негізгі зиянды экологиялық, әлеуметтік-гигиеналық себептердің қатерлілік дәрежесіне сандық баға берілді; Репродуктивтік қызмет бұзылыстарын экологиялық мониторинг және медициналық бақылау жүргізу арқылы алдын-алу шараларын жетілдіру бойынша әрекет ету алгоритмі ғылыми-теориялық негізделді; Жүргізілген талдау және зерттеу нәтижелері салааралық, ұжымдық, пәнаралық байланысты жақсартуга және жүкті жасөспірімдердің қажеттіліктеріне негізделген кешенді көмек көрсетуге бағытталған әртүрлі деңгейдегі денсаулық сақтау органдарына, стационарлық медициналық ұйымдардың басшыларына, денсаулық сақтау басқармаларына, сондай-ақ білім беру саласына пайдалануға арналған.</p>
--	---	---

			Зерттеу жұмысында ұсынылған теориялық корытындылар докторант жүргізген зерттеу жұмысының нәтижесімен байланысты және зерттеулермен дәлелденген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыста көрсетілген ғылыми мәлімдемелердің басым бөлігіне сенімді ғылыми әдеби көздерден сілтеме жасалған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті /жеткіліксіз.	Диссертацияны жазу барысында 174 ғылыми әдеби көздер колданылған, оның ішінде 129 шет елдік әдебиеттен алынған. Қолданылған ғылыми зерттеулер мен әдебиет көздерінің басым бөлігі соңғы 5 жылдықты қамтиды және зерттеу жұмысы үшін жеткілікті болып табылады
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы жоғары, зерттеу нәтижелері жоғары оку орындарында қогамдық денсаулық сактау мамандарын, эколог мамандарын, клиникалық медицина мамандарын дайындаудың барлық деңгейінде және жоғарғы оку орындарынан кейінгі білім беру жүйесінде қолданылуы мүмкін.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді салаларына сәйкес тәжірибеде қолданысқа енгізілген. Зерттеу нәтижесінде экологиясы қолайсыз аймақта тұратын жасөспірім қыздардың әлеуметтік - медициналық жағдайларының бағалану нәтижесі, денсаулық жағдайына баға беру объективті мәліметтері жергілікті

		<p>басқару жүйесін жүзеге асыруда стратегиялық жоспарды игеруде кілттік негіз болса, жалпы барлық міндеттер бойынша алынған объективті көрсеткіштер тұрғындар денсаулығын қорғау және жақсарту жөніндегі санитариялық-гигиеналық және медициналық-профилактикалық іс-шаралар жүйесін жасақтауға мүмкіндік береді.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Тәжірибе бойынша ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Экологиясы қолайсыз аймақта тұратын жасөспірім қыздардың репродуктивтік денсаулығын бақылау және бұзылыстырының профилактикасын ұйымдастыру жүйесі – емдеу-профилактикалық ұйымдағы акушерлік-гинекологиялық аймақтардың жұмысын ұйымдастыруда қолдану, жасөспірім қыздардың репродуктивтік бұзылыстарын ерте анықтауға жол ашты және олардың асқынуларға алып келуін болдырмауға незізделген.</p>
10.	<p>Жазу және ресімдеу сапасы</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p> <p>К.Ж. Рыскелдиеваның «Экологиясы қолайсыз аймақта тұратын жасөспірім қыздардың репродуктивтік денсаулығын жақсартудың әлеуметтік-медициналық қырлары (Түркістан облысы мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзектілігі бойынша маңызды,ғылыми нәтижелері бар, толығымен аяқталған хөрттеу жұмысы болып табылады. Жоғары академиялық сауаттылықпен қазақ тілінде жазылған. Жазу стилі ғылыми әрі түсінікті,</p>

		ғылыми этикага жүргіне отырып, жұмыстагы ғылыми-техникалық талаптарға сай рәсімделген. Бұл академиялық жазу сапасының жоғары екендігін көрсетеді.
11.	Диссертацияға ескертулер	<p>Докторантқа келесідей сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Зерттеу жұмысыныңдаң тақырыбында кездескен «қырлары» сезін қалай түсіндіресіз? - Қазақстан Республикасы бойынша Түркістан облысы экологиясы қолайсыз облыстардың бірі болып табылады. Зерттеу жұмысында негізгі аймақ секілді бақылаушы аймақты да Түркістан облысынан алудың қаншалықты дұрыс деп санайсыз? - Жұмысындаң тәжірибелік маңыздылығы неде? <p>Докторантқа келесідей ұсыныстар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Диссертацияның жазылу барысында орфографиялық қателіктер бар және мазмұнын қайта тексеріп өтіңіз; - Жұмысындаң тәжірибелік құндылығы мен теориялық маңыздылығын қайта қарап, нақтылау қажет; - Жасөспірім қыздар арасында анықталған гинекологиялық аурулардың таралуы бойынша негізгі аймақта анықталған көрсеткіш 1000 қызға балап есептелгенге дұрыс шықпайды, қайта тексеріңіз; - Жасөспірім қыздардың репродуктивті деңсаулығын жақсартуға арналған шаралар кешеніне тағыда толықтырулар қажет; <p>Жоғарыда ұсынылған сұрақтар мен ұсыныстар диссертациялық жұмыстың ғылыми деңгейін төмендетпейді.</p>
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Мақалалардың ғылыми деңгейі жоғары, бұл олардың халықаралық рецензияланатын журналдарда және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапанды қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда мақала жариялануымен расталады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармагына сәйкес)	Рыскелдиева Кенжегул Жанысбаевнаның 8D10111-Қоғамдық деңсаулық сактау білім беру бағдарламасы бойынша «Экологиясы қолайсыз аймақта тұратын жасөспірім қыздардың репродуктивтік деңсаулығын жақсартудың әлеуметтік-медициналық қырлары (Түркістан

облысы мысалында)» тақырыбындағы рецензиялауға ұсынылған диссертациялық жұмыс ғылыми жаңалығы, ішкі бірлігі, практикалық маңыздылығы, дәйектілігі және академиялық адалдығы сақтала отырып орындалған, толық аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жогары білім министрлігі білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына сәйкес келеді.


Сондықтан, Рыскелдиева Кенжегул Жанысбаевна 8D10111 – "Қоғамдық денсаулық сактау" білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

С.Ж. Асфендияров атындағы

Қазақ ұлттық медицина университеті,

«Мейірбеке ісі» кафедрасының менгерушісі, PhD



Д.Н. Маханбеткулова